

Ақсу қаласының табысы аз азаматтарына тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуде даулы мәселелерді қарастыру жөніндегі комиссия туралы

Күшін жойған

Ақсу қалалық әкімдігінің 2003 жылғы 8 желтоқсандағы N 306/17 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 12 желтоқсанда N 2142 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2006 жылғы 10 мамырдағы N 266/5 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2006 жылғы 10 мамырдағы N 266/5 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 сәуірдегі "Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстауға және тұрғын үй коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақысын берудің тәртібі туралы" N 437 қаулысымен бекітілген уақытша Ережесіне, Ақсу қалалық мәслихатының (XXV сессиясы, II шақырылған) 2003 жылғы 31 шілдедегі N 94/25 шешімімен бекітілген Ақсу қаласы бойынша аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібі туралы Ережелерге сәйкес табысы аз азаматтарға тұрғын үй жәрдемақысын беру есебінен, халықтың әлеуметтік осал топтарын әлеуметтік қолдау мақсатында қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақсу қаласының табысы аз азаматтарына тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуде даулы мәселелерді қарастыру жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) келесі құрамда құрылсын:

Ә б е н о в
Әнуарбек Әлжанұлы

қала әкімінің орынбасары, комиссияның төрағасы

Т ү с і п б е к о в
Жамбыл Айтмағамбетұлы

тұрғындарды әлеуметтік қорғау басқармасының бастығы,
комиссия төрағасының орынбасары

Ж о р т и к о в а
Татьяна Александровна

тұрғындарды әлеуметтік қорғау басқармасының тұрғын үй
жәрдемақысын тағайындау және төлеу бөлімінің бас маманы,
комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері:

Ж у р а в л е в а
Лидия Михайловна

қаржы басқармасының бастығы (келісім бойынша)

қалалық мәслихаттың хатшысы (келісім бойынша)

Омарғалиев
Мәдениет Қабылдаулы

Рахметова
Ләззәт Баянбайқызы

Рудман
Евгения Георгиевна

Самбаева
Бәтима Қайыргелдіқызы

Сәрсенов
Ерік Сағымбекұлы

қалалық денсаулық сақтау бөлімінің бастығы

тұрғындарды әлеуметтік қорғау басқармасының қаржы қызметі
және кадрлармен жұмыс бөлімінің бас маманы заңгер

Тұрғындарды әлеуметтік қорғау басқармасының тұрғын үй
жәрдемақысын тағайындау және төлеу бөлімінің бастығы

жұмыспен қамту басқармасының бастығы

2. Қоса беріліп отырған Комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Тұрғындарды әлеуметтік қорғау басқармасы Комиссияның жұмыс органы
болып анықталсын.

4. Қала әкімдігінің осы қаулысы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген
сәттен бастап екі апта мерзім ішінде қалалық "Ақжол-Новый путь" газетінде
жариялануға жатады. Қала әкімдігінің осы қаулысының жариялануын бақылау
қала әкімі аппараты мемлекеттік - құқықтық бөлімінің бастығы И.В.Кудашкинаға
жүктелсін.

5. Қала әкімдігінің осы қаулысының орындалуын бақылау қала әкімінің
орынбасары Ә.Ә.Әбеневке жүктелсін.

Қ а л а ә к і м і н і н

міндетін атқарушы

КЕЛІСІЛДІ

Ақсу қалалық мәслихатының
2003 жылғы "3" желтоқсан
х а т ш ы с ы

КЕЛІСІЛДІ

Қаржы басқармасының бастығы

2003 жылғы "3" желтоқсан

"Ақсу қаласының табысы аз

азаматтарына тұрғын үйді

ұстауға және коммуналдық

қызметтерге ақы төлеуде

даулы мәселелерді қарастыру

жөніндегі комиссия туралы"

Қала әкімдігінің

2003 жылғы 8 желтоқсан N 306/17

қаулысымен БЕКІТІЛДІ

Ақсу қаласының табысы аз азаматтарына тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуде даулы мәселелерді қарастыру жөніндегі комиссия туралы қағида

1. Жалпы ережелер

1. Ақсу қаласының табысы аз азаматтарына тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау кезінде даулы мәселелерді қарастыру жөніндегі комиссия табысы аз азаматтарға тұрғын үй жәрдемақысын беру есебінен, халықтың әлеуметтік осал топтарын әлеуметтік қолдау мақсатында құрылған комиссия тұрақты жұмыс істейтін орган
б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Комиссия өзінің қызметін Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 сәуірдегі "Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстауға және тұрғын үй коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақысын берудің тәртібі туралы" N 437 қаулысымен бекітілген уақытша Ережесіне, Ақсу қалалық мәслихатының (XXV сессиясы, II шақырылған) 2003 жылғы 31 шілдедегі N 94/25 шешімімен бекітілген Ақсу қаласы бойынша табысы аз азаматтарға тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібі туралы Ережесіне сәйкес жүзеге асырады.

3. Комиссия жергілікті атқарушы орган жанында - қала әкімшілігінде
қ ұ р ы л а д ы .

4. Комиссия төраға қала әкімінің орынбасары, төрағаның орынбасары, хатшысы, жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың өкілдері қатарынан комиссияның 6 мүшесі құрамында құрылады.

2. Комиссияның мақсаты, қызметі және өкілеттілігі

5. Тұрғын үй жәрдемақысын беру есебінен, халықтың әлеуметтік осал топтарын әлеуметтік қолдау Комиссияның мақсаты болып табылады.

6. Комиссияның негізгі қызметі мен өкілеттілігі:

1) адамдардың келесі санаттарына бір жолғы тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау жөнінде шешім қабылдайды:

операцияға ұшырағаннан кейін емделуге мұқтаж зейнеткерлерге;
ең төменгі мөлшерде зейнетақы алатын жалғыздікті зейнеткерлерге;
кәмелетке толмаған балалардың қамқоршыларына және қорғаншыларына;
жан басына шаққандағы орташа табысы өмір сүру шегінен төмен,
о т б а с ы л а р ы н а ;

табысы өмір сүру шегінен төмен, жұмыссыз азаматтарға;
жан басына шаққандағы орташа табысы өмір сүру шегінен төмен, екі және одан да көп бала тәрбиелейтін толық емес отбасыларына;
ата-аналары мүгедек болып табылатын немесе бала кезінен мүгедек-баласы

бар отбасыларына;
80 жастан асқан қарт азаматтарға;
аурудың ауыр түрімен (туберкулез, онкоаурулар, сал және басқалар)
ауыратын, емделуде жатқан адамдарға;
жан басына шаққандағы орташа табысы өмір сүру шегінен төмен,
коммуналдық төлемдерді уақытында төлеу мүмкіншілігі жоқ басқа да адамдарға;

2) әр өтініш берушіге құжаттар пакетін дайындайды;
3) бір жолғы тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау жөнінде азаматтардың өтінішін қарастырады;

4) өтініш берушінің материалдық тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізеді.

7. Жүктелген қызметті орындау үшін Комиссияның заңнамалармен бекітілген тәртіпте тексеруге қажетті мәліметтерді тиісті органдардан және басқа ұйымдардан сұратуға құқығы бар.

8. Жұмыс органымен бір жолғы тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауда бас тарту болған жағдайда өтініш берушіге бекітілген заңнамалармен бекітілген тәртіпте дәлелді, жазбаша жауап дайындалады.

3. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

9. Комиссияның мәжілісі тоқсанына кем дегенде бір рет өткізіледі.

10. Өтініш берудің әр жағдайында өтініш берушінің өтініші жылына кем дегенде бір рет қаралады.

11. Өтінішке мынадай құжаттар қоса тіркеледі:

1) жеке куәлігі;
2) пәтерге құқықты растайтын құжат (жекешелендіру, сатып алу-сату, тұрғын үйді жалға алу туралы келісім шарт, ордер, мұраға берілгендігі туралы куәлік және тағы басқалар);

3) тұрғылықты жері бойынша тіркелу дерегін растайтын құжат (үй кітапшасы, тіркелімінің карточкасы);

4) еңбек кітапшасы;

5) коммуналдық қызметтерге қарыздары туралы анықтамалар (жылу энергиясы, сумен жабдықтау, электр энергиясы, ПИК);

6) өтініш жасаған айдың алдындағы 12 ай ішіндегі табысы туралы анықтама;

7) қажет болған жағдайда денсаулық жағдайы туралы анықтама;

8) осы жәрдемақыны тағайындауға мұқтаж адамдар санатына жататындығын куәландыратын басқа да анықтамалар мен құжаттар;

12. Комиссияға құжаттар тапсырылғаннан кейін, тұрғындарды әлеуметтік қорғау басқармасымен өтініш берушінің материалдық жағдайына тексеру актісі жасалады.

13. Материалдар бойынша уақытында және дұрыс шешім қабылдау мақсатында, Комиссияның қарауына түскен, өтініш берушінің берген

мәліметтері жұмыс органымен алдын ала зерттеледі.

14. Комиссия, хаттамамен ресімделіп және төрағаның немесе оның орнын басатын адамның, сонымен қатар комиссия мүшелерінің қолдары қойылатын ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

15. Комиссияның шешімі ашық түрде дауыс берумен қабылданады және Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе қабылданды деп есептеледі.

4. Комиссияның қызметін тоқтату

16. Комиссияның қызметін тоқтату бекітілген заңнама тәртібінде жүзеге асырылады.